

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін *Sted*

Білім беру ұйымы Ақтасты ЖОБМ

Сыныбы МАД

Сынып жетекшісі Ж.Т Смагулова

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың күрылу кезеңі 2-6 қазан 2023-2024 оку жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<p>Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар үйімдастыру. Жағымды жағдай орнату</p> <p><b>«Біз бақытты баlamыз»</b> Кел, шенберге тұрайық, Қолымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.</p>	<p><b>«Мен әденпі баlamын»</b> Амандасу ұлkenge, Тәрбиенің басы ғой. Ал, кәнеки бәріміз, Сәлем дейік ұлkenge.</p>	<p><b>«Нәр алып»</b> Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Күнге қарап шуақтанып, Суға қарап нәр алып, Табиғаттан шабыттанып, Денсаулықпен ойнап-куліп жүрейік.</p>	<p><b>«Куан, шаттан!»</b> Куан, шаттан! Куан, шаттан! Куанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы таң! Күліп шықты күн бүгін.</p>	<p><b>«Қайырлы таң!»</b> Қайырлы таң! Ормандар мен далалар. Қайырлы таң! Достасқан бар Балалар, Қайырлы таң! Жора-жолдас, ұл мен қызы!</p>
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдаپ жақсы көретініңізді сездіріңіз.</p>	<p><b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын таусып жеуге үйретулерін ескерту.</p>	<p><b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»</p>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	<p>Үстел үсті ойыны – пазл: <b>«Жыл мезгілдері»</b></p>	<p><b>Күрылыс ойындары:</b> «Қардан үйшік жасаймыз»</p>	<p><b>Фотосуреттер қарастыру:</b> «Қысқы ойындар түрлері»</p>	<p><b>Үстел үсті театры:</b> «Ғажайып қыс» және т.б. тақырыптар</p>	<p><b>Сюжеттік ойындар:</b> «Қыстың қызықты сэттері» еркін сурет</p>

ұстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жыл мезгілдері » Балалармен қыс мезгілі туралы әңгімелесу.	жасаймыз»	оыйндар түрлері» Фотосуретте бейнеленген ойын түрлерін атау.	т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	сэттері» еркін сурет салу. Д/ойын: «Қар»
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жылулық сәті: Апам мені «Айым»-дейді, Мен мұнайсам, уайым жейді. Апам мені «Күнім»-дейді, Мен қуансам күлім - дейді.	Жылулық сәті: Куанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.	Жылулық сәті: Шақырамын сендерді Жолдастарым кел бері Толтырайық шаттыққа, Дөгеленген шенберді.	Жылулық сәті: Бақыт толы шенберге, Шаттық толы шенберге, Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз.	Жылулық сәті: Достар бері келіндер, Қолдарынды беріндер. Шаттық толы шенберге Куанышпен еніндер.
<b>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сейлеуді дамыту Менің атам <b>Міндеті:</b> Суретке қарап, әңгіме құрауды, буынға белуді дамыту  Дидактикалық ойын: <b>«Отбасы мүшелерін ата»</b> Ойын шарты: жұмыс дәлтеріндегі тапсырма орындалады. Суреттегі отбасы мүшелерінің атап, шапалақ ұрғарқылы буынға беледі. Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады	Дене шынықтыру «Біз әртүрліміз» <b>Міндеті:</b> Жерде созылыш жатқан арқан үстінде бір бүйірмен динамикалық тепе-тендікті сақтап жүргүре үйретуді жалғастыру  Қимыл-қозғалыс ойны: «Мысық пен торғайлар» (4 рет). «Торғайлар» орындықта, гимнастикалық қабырғаның тепкішегінде отырады. Балалар торғайлардың қимылын ым-ишарамен көрсетіп	Саяат ашу негіздері Ұяң дауыссыз дыбыстар <b>Міндеті:</b> ұяң дауыссыз дыбыстар туралы білімді менгерту.  «Дыбыс бер» дидактикалық жаттығуы — Мен сендерге сездер айтамын, ұяң дауыстыдан басталған сезді естісендер, қол шапалақтайсындар. — Парта, балық, вагон, сәбіз, тарақ, доп, жалау, шырша, тага, домбыра, гүл, бәтенеке. «Сөзге ұяң дауыссыздан	Саяат ашу негіздері Ұнді дауыссыз дыбыстар <b>Міндеті:</b> ұнді дауыссыз дыбыстар туралы білімді менгерту.  «Сөзге ұнді дыбыстан басталатын сез қос» дидактикалық жаттығуы — Мен сендерге бірінші сезді айтамын, ал сендер сол сезге мазмұны сәйкес келетін, ұнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сез жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ...	Көркем әдебиет Менің ойыншықтарым» (өлеңді жаттау) <b>Міндеті:</b> Өлең тілінің бейнелілігін сезінуге баулу  Өлең мазмұны бойынша сұрақтар: — Өлең ұнады ма? — Авторы кім? — Бұл өлеңде не туралы айтылған? — Қандай ойыншықтар туралы сез болады? — Сенде қандай ойыншықтар бар? — Саған қандай ойыншық үнайды? — Мынау — құлыншақ. Құлыншақтың түсі қандай? — Құлыншақтың жалы қайда болады? —

		<p>отырады. Белгі бойынша «мысық» келіп, «торғайларды» қуады. Олар бағыттарын өзгертіп қашады. Үсталғандар ойыннан шыгады</p>	<p>басталатын сөзді қос» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер магынасы бойынша келетін, үян дауыссыз дыбыстап басталатын сөзді жалғап айтударың керек.</p> <p>Мысалы: үстел ... (биік), қоян ... (жүйрік), сағат ... (домалак), қызыл ... (доп), ала ... (жолбарыс), ак-қара ... (жолақ), әдемі ... (гүл), ұзын ... (вагон), бақылдауық ... (бака), білімді ... (ғалым), жайыльшп жүр ... (жылкы), күмбірлеген ... (домбыра), желбірейді ... (жалау), зымыран ... (ұшты), әдемі ... (зырылдауық) т.б</p>	<p>(мысық), жүйрік ... (лак), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (раугаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (ұғы), ... жайылды (мал) т.б.</p>	<p>Сен құлыншакты қайдан көрдің? – Құлыншак туралы не билетінінді әнгімелеп бер</p>
--	--	---	---	---	---

**Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар  
«Лақтыр да, қағып ал»**

**Суретті тіл ұстарту:**

**Ша – ша – ша**

**Айшаның шанасы тама (ша)**

**Са – са – са**

**Қасқыр соқты Мұ (са)**

**Ол – ол – ол**

**Ағашта лимон м(ол)**



**Ойын: «Лақтыр да, қағып ал»**

**Мақсаты:** Балаларды ептіліке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқияттыңдай білуге үйрету.

**Ойынның шарты:** Балалар аланда еркін орналасады әр біреуінің қолында бір-бір доптан болады. Тәрбиешінің «баста»,- деген


**Ра – ра – ра**  
 Дүкеннен нан алды **Са (ра)**  
**Із – із – із**  
 Тамакқа қосты сәб(із)  
**Жу – жу – жу**  
 Ыңдысты тазалап (жу)



белгісі бойынша балалар допты жоғарыға лақтырып қағып алады. Эр бала неше рет лақтырып қағып ала алады, соны саңайды.

## 2 - үйымдастырылған іс-әрекет

	<p><b>Көршаган орта</b> Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі. <b>Міндеті:</b> Тұрмыстық техника, оның қажеттілігі.</p> <p>«Көп ойла, сөз ойла» ойыны. Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үй жиһаздарын атайды. Екінші топ тұрмыстық техника заттарын атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ женімпаз атанады.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> 10 саны <b>Міндеті:</b> 0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру</p> <p><b>Ойын жаттығуы:</b> «Дұрыс көрсет». Сан мен цифрдың арақатынасы туралы 15-кестедегі сандық суреттермен жұмыс жасайды. Балалар 21-кестедегі демонстрациялық материалдан саны бар карточканы көрсетеді. – Адамның қолында неше саусақ бар? (10 саусақ).</p>	<p><b>Математика негіздері</b> 10 саны <b>Міндеті:</b> 10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үрету; заттарды санау және ретімен санау, тұра және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге үрету.</p> <p><b>Ойын жаттығуы:</b> «Сана» Педагог ойыншыларға 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұны тұра санау деп атайды. 10-нан 1-ге дейін кері санауды ұсынады. Бұны кері санау деп атайды. Ойыншыларды ретімен: бірінші, екінші, үшінші....оныншы, және кері: оныншы,</p>	<p><b>Көркем әдебиет</b> «Менің ойыншылтарым» (өлеңді жаттау) <b>Міндеті:</b> өлеңді жаттау арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Бұл қандай ойыншық?» <b>Ойын шарты:</b> Коржын ішінде бірнеше ойыншық болады. Балалар коржынга қолын салып, көрмей, сипап сезу арқылы қандай ойыншық екенін табады. Ойыншық туралы өз ойын айтады.</p>	<p><b>Математика негіздері</b> Заттарды өлшемі бойынша салыстыру <b>Міндеті:</b> - заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру</p> <p><b>Практикалық жұмыс</b> Кесілген парактарды балаларға жүппен немесе топпен таратады. Паракты жіктеуге арналған тапсырма: көлемі бойынша үлкен және кіші; түсі бойынша – сары, қызыл, жасыл.</p>
--	---	--	--	--	--

			тогызынышы, сегізінші, санауын сұрайды.		
<b>Үзіліс: Жүгіруге арналған ойындар «Айдаһардың құйрығы»</b>					
<p><b>Тілді жаттықтыратын тақпак</b></p> <p>Кім келді? Қане, қане кім келді? Біз, біз, біз! Апа, апа бұл сіз бе? <b>Иә, иә, иә!</b> Әке, әке бұл сіз бе? <b>Иә, иә, иә!</b> Ағатайым бұл сіз бе? <b>Иә, иә, иә!</b> Қарындасым бұл сен бе? <b>Иә, иә, иә!</b> Біздер тату жан ұя <b>Иә, иә, иә!</b></p>		<p><b>Ойын: «Айдаһардың құйрығы»</b> <b>Мақсаты:</b> Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады. <b>Ойынның шарты:</b> Өте қызық ойын! Ойынға қатысуышылар бірінің артына бірі тізбектеле белдерінен ұстап тұрады. Ең бірінші тұрған бала - «айдаһардың басы». Ең соңғысы - «құйрығы» болады. «Айдаһардың басы» ең күрделі жолдармен жүре отырып өз «құйрығын» ұстап алуға тырысады. <b>Ұсыныс:</b> Оның мақсаты - ұстап алу, «құйрықтың» мақсаты ұстаптау, қайткені де қашып құтылу. Егер «құйрық» ұсталып қалса, ол - «бас» болады. Ойын өз жалғасын табады.</p>			
<b>3 - ұйымдастырылған іс-әрекет</b>					
	<p><b>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</b> Коржынды сәндейміз <b>Міндеті:</b>- - қазақ оюларының көп түрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға коржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу әрекшеліктері туралы білім беру; - аталған заттардан қалауды бойынша мүсіндеу және оларды ою-</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> Жемістер <b>Міндеті:</b> күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үрету</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Гажайып қоржын». Қоржынның екінші жағын ашады. <i>Педагог жемістерді бір-бірлеп алады, жаңа сөздермен таныстырады.</i></p>	<p><b>Сейлеуді дамыту</b> Мениң атам.</p> <p><b>Міндеті:</b> Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту</p> <p>Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» олеңін педагог мәнерлелеп оқиды.</p> <p>Басбармағым – атам, үйдің данасы, Балан үйрек – әжем,</p>	<p><b>Қоршаган орта</b> Барлық ағаштардың жапырағы түсे ме?</p> <p><b>Міндеті:</b> - Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақыларап, бір-бірнен ажырата білуге үрету.</p> <p>«Қайсысының жапырағы екенін тап» атты</p>	<p><b>Қазақ тілі</b> Жемістер <b>Міндеті:</b> күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үрету</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Гажайып қоржын». Қоржынның екінші жағын ашады. <i>Педагог жемістерді бір-бірлеп алады, жаңа сөздермен таныстырады.</i> Күз мезгілінде жемістер піседі.</p>

	<p>өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру</p> <p>-Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен тәнистыру, аталған заттардан қалауы бойынша қызып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру</p> <p>-- Ойынга қажетті күрылышты бірлесіп ойдан күрастыруға, алдагы жұмысты бірге жоспарлауда, бір-бірімен келісіп орындауда, дайын күрылышпен ойнауда мүмкіндік беру</p>	<p><i>бірлеп алады, жаңа сөздермен танастырады.</i> Күз мезгілінде жемістер піседі. Мынау – өрік. Ик-ік – міне, өрік. Мынау не? Мынау – өрік. Өрік – жеміс. Өрік не? Өрік – жеміс. Өрік дәмді. Өрік қандай? Өрік дәмді. Мынау – анар</p>	<p>ошақ анасы. Ортан терек – әкем, отау панаысы, Шылдыр шүмек – шешем, шаңырак ажары, Титтей бебек – мен, бәрінің базары</p>	<p><b>дидактикалық</b> <b>ойын ойнауга</b> <b>шашырады</b> (әліппе- дәптердегі тапсырма).</p> <p><b>Максаттары:</b> Балаларды ағашты жапырағына қарап тануға үртету. Ағаштар мен бұталардан түскен жапырақтарды жинау. Педагог жапырақтың қандай ағаштан немесе бұғадан түскенін анықтауды, түспеген жапырақтарға қарап дәлелдеуді (ұқсастығын табуды) ұсынады. Ойын аяқталған кезде педагог мынадай уәде береді: (Педагог уәделерді айтыш тұрады, балалар қайталайды). Ағаштардың бұтақтарын жұлмауға уәде береміз! Ағаштарды сугаруға уәде береміз! Ағаш</p>	<p>Мынау – өрік. Ик-ік – міне, өрік. Мынау не? Мынау – өрік. Өрік – жеміс. Өрік не? Өрік – жеміс. Өрік дәмді. Өрік қандай? Өрік дәмді. Мынау – анар</p>
--	--	--	--	--	---

жапырактарын  
жұлмауга уәде  
береміз! Ағаштың  
қабығын  
сыдырмауга уәде  
береміз!  
Ағаштардың түбін  
қопсытуға уәде  
береміз! Ағаш  
діндерін әктеуге!  
Айгайлап құстарды  
үркітпеуге уәде  
береміз.



**Узіліс: Қозғалмалы зерек ойындар «Жер, су, ауа» ойыны.**

**«Табигат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»**

**Мақсаты:** Қассиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажыратады, табигат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буга айналады.

**Көрнекіліктер:** қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.

**Ойын барысы:** Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айтуда тапсырылады. Білімдерін анықтауда барысында табигат құбылыстардың қасиеттерін айтады.



**Ойын: «Жер, су, ауа»**

**Мақсаты:** балаларға берілген тапсырманы тез шешүге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не болатынны дұрыс айтуда тәселдіру, қоршаган ортага қамқорлық сезімен тәрбиелеу.


**Көрнекіліктер:** асық

**Шарты:** балалар дөңгелеіп отырады. Бір бала ортага шығып балалардың кез келгінен асық лактырып жібереді де жер су ауа деген сөздің бірін айтады. Егер бала жер десе асықты қағып алған сезіммен тәрбиелеу. Біл бала отатага шығып, балалардың кез келгеніне асықта лактырып жібереді де жер, су ауа деген сөздің бірін айтады. Егер бала жер десе, асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды, адамдарды, өсімдіктерді атайды. Ал су сезіз айтылса, балық балардың аты аталады. Ауа дегендеге құстарды айтуды тиіс. Осылай ойын жалғаса береді.

4 - үйымдастырылған іс-әрекет				
<p><b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>«Қатаң дауыссыз дыбыстар»</b>  <b>Міндеті:</b> - Қатаң дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сактату.</p> <p>«Кім көп сез ойлайды» дидактикалық ойыны – К дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтындар. – Кітап, кілем, кім, кілт, киіз. – Т дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріндер. – Таға, тарақ, тау, тиін, темір, тұлпар, тоқ, тоқылдақ, тотықұс, торсық, теңіз, тіс.</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>«Күз – жомарт»</b>  <b>Міндеті:</b> Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру</p> <p>Музыка тыңдау:  <b>«Саржайлау»</b>  (Tэттімбет)  Ән айту:  <b>«Күзгі әуен»</b> (А. Досмаганбет)  <b>«Балдыргандар әні»</b> (Г. Жотаева)  Музыкалық-ырғактық кимылдар:  <b>«Жеңіл би»</b> (Т. Ломова) Билер:  <b>«Шабандоздар би»</b> (ұнтаспада «Жұмыр қылыш») (Билеп үйренейік)  жинағынан)  Ойындар, хороводтар:  <b>«Қандай ырғақ»</b> (К. Куатбаев)</p>	<p><b>Музыка</b>  <b>«Күз – жомарт»</b>  <b>Міндеті:</b> Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру</p> <p><b>Музыка тыңдау:</b>  <b>«Саржайлау»</b>  (Tэттімбет)  Ән айту:  <b>«Күзгі әуен»</b> (А. Досмаганбет)  <b>«Балдыргандар әні»</b> (Г. Жотаева)  Музыкалық-ырғактық кимылдар:  <b>«Жеңіл би»</b> (Т. Ломова) Билер:  <b>«Шабандоздар би»</b> (ұнтаспада «Жұмыр қылыш») (Билеп үйренейік)  жинағынан) Ойындар, хороводтар:  <b>«Қандай ырғақ»</b> (К. Куатбаев)</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>«Зейінді боламыз»</b>  <b>Міндеті:</b> Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, қимыл-қозғалыс үйлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді қалыптастыруды жалғастыру</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Қасқырға қақпан» (4 рет). Шенберде қол ұстасып тұрады. Бұл – аңшылардың қақпанын құруы. Белгі бойынша «аңшылар» колдарын көтереді, «қасқырлар» әртүрлі бағытта еңбектеп жүреді. «Аңшылар»:</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>«Бірінші бол!»</b>  <b>Міндеті:</b> -Қолды еркін қозғап, жүргізуші мен бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді үйрету. Қысқа секіртпемен секіруге үйретуді жалғастыру, қолдарымен секіртпені шенбер бойымен және тік айналдыра білу іскерліктерін дамыту Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тығылмақ» ( 3 рет). Ойыншылар шенбер бойына тұрады. Кезі байланған жүргізуші ортада тұрады. Педагогтің белгісі бойынша балаларды таушып ұстауға тырысады, ал балалар зал ішінде әртүрлі бағытта ақырын қозғалып жүреді.</p>

Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.				
-------------------	---	---	---	---	---

**Кеңістікті бағдарлауға ариалған ойындар  
«Жапалақ»**

Серуен	<p><b>Тіл жаттыгулары:</b>  <b>«Аударыспак»</b>  <b>Мақсаты:</b> -әр түрлі түстерді қайталап бекіту;          -сөздік қорын байыту;          -дыбыстарды дұрыс және анық айтып бекіту;          -балаларды : «Қандай?», «Не істейді?» т.б. сұрақтарға толық, сөйлеммен жауап беруді үйрету;          -заттардың түрін, түсін, дәмін, пішінін дұрыс айтып қайталау;          -дыбыстың сөздегі орынын тауып айту;          -балаларға сөз тіркестерін және сөйлемдерді құрастырып айтып үйрету;          -балалардың еске сақтау, есту, ойлау қабілеттерін және зейіндерін дамыту;          -қолдың ұсақ моторикасын дамыту;</p>	 	<p><b>Ойын:</b> «Жапалақ»  <b>Мақсаты:</b> Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене кимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көніл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауга баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру.  <b>Шарты:</b> «Жапалақ» сайланады, ол барлық ойнаушылардан алысқа тұрады. Өзінің «ұясына». Басқа ойнаушылар жан-жаққа тараپ кетеуді.  <b>«Жапалақ»:</b> «Күн туды, барлығымыз оянамыз!» дейді, сол сәтте барлығы жүгіріп, кимылдайды.  <b>«Жапалақ»:</b> «Түн болды, барлығын кимылдамандар, жапалақ ұшады!» дегенде барлық ойнаушы балалар тыныш тұрыш, кимылдамаулары керек. «Жапалақ» балалардың арасында жүріп, кимылдаған бір-екі баланы ез ұясына әкетеді. Бір бала қалғанша ойын жалғасады.</p>		
Балаларды үйге қайтару	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>          Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жакындарыңыз берілгенде жағынан болуы қажет,</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>          Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жакындарыңыз берілгенде жағынан болуы қажет,</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>          - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете берілгенде жағынан болуы қажет,</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>          Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жакындарыңыз берілгенде жағынан болуы қажет,</p>	<p><b>Ата –аналарға кеңес</b>          - баламен жағынан болуы қажет,</p>

	<p>кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>сұрту, шешіну, өз бетімен тاماқтану, тاماқ ішкенде касықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ынгайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p>кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p>мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп баланызды сүйіп, аймалап, жиі өған өз мейіріміңді көрсетіңіз. Баланыздың кезінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--	---	---	--	---	--

# Тәрбиелу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін *Seal*

Білім беру ұйымы Ақтасты ЖОБМ

Сыныбы МАД

Сынып жетекшісі Ж.Т.Смагулова

Балалардың жасы 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 9-13 қазан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтерінкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату	Устел үсті, саусақ және т.б.оыйндар.	Құрылыш ойындары	Мен спортшымын Фотосуретте бейнеленген Суреттерді атап	Әңгімелесу. Спортп үшін керек? әңгімелеп беру Сурет салу. «Футболшы»
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарга балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алыш келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сезіз қабылдаپ жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Сәлемдесу айнасы» Дене қызулады мен тазалығын тексеру Дене шынықтыру шаралары. Жағымды	Сюжетті-рөлдік ойын: «Қалай тамақтанамыз» Ірі құрылыш материалдарымен және конструкторлармен ойындар.	Ойын- жаттығу: «Жуыну» Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыш материалдарымен ойындар.	Ойын «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б.	Сюжеттік ойындар: «Менің күн тәртібім», Айболит ертегісінен үзінді оқып беру; «Айболит кеңесі» үстел үсті театры және т.б.

	Жағымды жағдай орнату. Балалардың көніл - күйлеріне назар аудару.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Біз бақытты баламыз» Кел, шенберге тұрайық, Колымызды ұстайық. Күлімдейік күлейік, Тату болып жүрейік.	«Мен әдепті баламын» Амандаус ұлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, кәнеки бәріміз, Сәлем дейік ұлкенге.	«Нәр алып» Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық! Қүнге қарап шуақтаныш, Сұға қарап нәр алып, Табигаттан шабыттаныш, Денсаулықпен ойнаң- куліп жүреік.	«Куан, шаттан!» Куан, шаттан! Куан, шаттан! Куанатын күн бүгін. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін.	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сөйлеуді дамыту Қорыққанға қос көрінеді (ертеңі) Міндеті: «Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру Қорыққанға қос көрінеді ертеңісін оку Дидактикалық ойын: «Белгілі дыбысқа сөз таңда». Ойын шарты: Ертеңідегі кейіпкерлердің бас әрпіне сөз ойлаң айтады. Мысалы:	Дене шынықтыру «Командалық эстафеталар» (таза ауада) Міндеті: Тізбекпен жүру, жүгіруге, құрсаудан-құрсауға өтүге жаттықтыру. Қозғалыс кезіндегі қол мен аяқтың қимылдарын жалғастыру «Жолақтарға аттап секіру» (3 рет). Ені 50 см жолақтардың үстінде секіріп басып жүру. Жерден екі аяқпен бірдей екпіндеп итерілу керектігіне	Сауат ашу негіздері Біз нені үйрәндік нені білдік? Міндеті: дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту.  «Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны Педагог балаларға дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтады, балалар сөз қатаң дыбыстан басталса, кек төртбұрыш, ұян дауыссыз дыбыстан басталса, кек түсті дөңгелекті, ал егер сөз үнді дауыссыз дыбыстан басталса, кек түсті үшбұрышты көрсетеді және қандай	Сауат ашу негіздері Біз нені үйрәндік нені білдік? Міндеті: Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратуға жаттығулар жасату, қатаң, ұян, үнді дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату  «Буынды өзгерт» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбыстардан басталатын буындар айтамын, ал сендер қатаң дауыссыз	Көркем әдебиет «Менің елімнің рәміздері» Міндеті: әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінігін дамыту  – Олең қалай аталауды? – Авторы кім? – Сендерге өлең ұнады ма? – Өлеңде не туралы айттылған? – Еліміздің қандай рәміздері бар?

<p>«Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына; «Қыз» дегендегі «Қ» дыбысына; «Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды.</p>	<p>назар аудару. Белгі бойынша ойыншылар бір-бірден жолақтан-жолаққа секіре бастайды. Дұрыс орындаған ойыншылар үпай жинайды.</p>	<p>дауыссыз дыбыс екенін атап береді.</p>	<p>дыбыстарды ұян немесе үнді дауыссыз дыбыстарға ауыстырып айтасындар. Мысалы: па-ба, фа-ва, ка-га, қо-ғо, то-до, ше-же, са-за, ха-ма, на-ла, ца-на, чо-ро, ще-уе, хо-йо</p>
--	---	---	---

### Үзіліс : Жүгіруге арналған ойындар «Торғайлар мен мысық»

		<p><b>Ойын: «Торғайлар мен мысық»</b>  <b>Мақсаты:</b> балаларды <u>ойынның шартын бүзбай ойнауга</u>, белгі бойынша қымыл-қозгалыс <u>жасауга дагдышландыру</u>, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.  <b>Шарты:</b> Жерді шенбермен белгілеу керек /5-6м.диаметрмен/. Ортада тәрбиешімен тағайындалған бала жүреді – ол мысық. Қалған балалар шенбердің сыртында- олар торғайлар. Мысық үйіктап қалады. Торғайлар шенбердің ішіне дән жеуге кіреді. Мысық оянып кетеді де, <u>торғайларды көріп</u>, оларды ұстай бастайды. Торғайлар шенберден шығуға асыгады. Шенбердің ішінен <u>мысыққа ұстап торғайлар</u>, шенбердің ортасында қалады. Мысық 2-3 <u>торғайды ұстаған соң</u>, тәрбиеші жана мысықты тандайды. Ұстап торғайлар басқа ойнаушыларға қосылады. Ойын 4-5 рет қайталанады.  <b>Ұсыныс:</b> мысық ақырын барып торғайларды ұстайды (қатты ұстамай, ақырынған қолын тигізеді)</p>
		




**2 - ұйымдастырылған іс-әрекет**

<p><b>Коршаган орта Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> арнайы көлік түрлерінің не үшін қажет екенін түсіну; арнайы көліктер мен жай көліктердің мақсат-міндетін ажырата алу</p> <p><b>«Мәшине жабдықтары» ойыны.</b> Педагог мәшине жабдықтарын айтады, балалар сол құралдың дыбысын келтіреді</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p>Заттарды өлшемі бойынша салыстыру</p> <p><b>Міндеті:</b> заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.</p> <p>Педагог 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады. Барлық заттардың көлемі бірдей ме? Үлken заттарды – көк, кішкентай заттарды – қызыл түспен қоршап сыйады. 2-тапсырманы орындайды. Заттарды қарайды, оларды белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады. Заттардың орналасуын сипаттайтыды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p>Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.</p> <p><b>Міндеті:</b> : ұзындық – заттардың созылыңғы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p><b>Ойын жаттығуы:</b> «Ретімен орналастыр» Педагог «Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жыныстықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының осу ретімен орналастыруды ұсынады. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді. Балалар таяқшаларды бір-біріне жақыннату арқылы деп түсіндіреді. Педагог бір-бірінің үстіне салу тәсілі</p>	<p><b>Коршаган орта Арнайы көліктер. Жүк және жолаушылар көліктері</b></p> <p><b>Міндеті:</b> Көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру, олардың қарапайым құрылсызы және қажеттілігі жайлы ақпарат беру.</p> <p><b>«Сейлемді дұрыс құрастыр» ойыны.</b> Тәрбиеші сөздерді айтады, балалар сөздерді орнына қойып, дұрыс сейлем құрастыру керек. Кеше, жол, жүреді, мәшине</p>	<p><b>Математика негіздері</b></p> <p>Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.</p> <p><b>Міндеті:</b> - ұзындық – заттардың созылыңғы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Логикаға арналған ойын жаттығулары. Балалардың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуга болады: 1. Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай? 2. Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір қызылдан жіңішкерек. Ең жалпақ таспа қайсысы?</p>
---	---	--	---	---

арқылы да заттың  
қайсысы үзын немесе  
қысқа екенін өлшеуге  
болатындығын қосымша  
айтады. көрсетеді.

Аспан, ұшады, биік,  
ұшак.  
Мәшине, аурухана,  
тоқтады, жедел  
жәрдем.  
Толқында, кеме,  
жузеді, теңіз

### Ұзіліс: Қимыл-қозгалысқа арналған ойындар «Күн мен тұн»



#### Ойын: «Күн мен тұн»

**Мақсаты:** балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауга, белгі бойынша қимыл-қозгалыс жасауга дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту.

**Шарты:** «Күн» мен «Тұн» деген екі топ алаң ортасындағы сзықтан 1,5-2м арақашықтықта бір-біріне арқасымен қарап тұрады. Жүргізуші біресе бір, біресе екінші топты атайды. Аталған топ сол сәтте өз үйіне жүгіреді. Басқа топ ойыншылары айналып, қашып бара жатқан қатысушыларды ұстап қалуға тырысады. Содан соң топтар орнына қайта оралады. Ұсталған ойыншылар саны есептелінеді. Жүгіріс бірнеше рет қайталанады. Өзге топтың ойыншыларын көп ұстаган топ женіске жетеді.

#### Ереже:

1. Өз үйіне белгі берілмей тұрып жүгіруге тыйым салынады.
2. Тек үйдің сзығына дейін ғана ұстауға болады.
3. Ұсталған ойыншылар есептелген соң қайтадан ойынга кіреді.

### 3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

**Шығармашылық бейнелеу әрекеті**  
**Автобус**  
**Міндеті:** балаларға кеңістік туралы, кеңістікті бағдарлау туралы білім беру; - заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру, мүсіндету

**Қазақ тілі**  
**Жидектер**  
**Міндеті:** сөздік қорларын жидектердің атымен толықтыру.  
**Ойын жаттығуы:**  
«Бір сөзben


**Сойлеуді дамыту**  
Қорыққанға қос көрінеді (ертегі)  
**Міндеті:** «Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру  
Қорыққанға қос көрінеді ертегісін оку  
**Дидактикалық ойын:**

**Көркем әдебиет**  
«Менің елімнің рәміздері»  
**Міндеті:** сюжеттік бірізділікті сақтап, көніл күймен, қисынды мазмұндауга дағдыландыр

**Қазақ тілі**  
**Жемістер**  
**Міндеті:** күнделікті жиі қолданылатын жемістердің атын білуге үрету.  
  
**Сөздік ойын:** «Мен қай жемісті көрсеттім». Педагог себеттен жемістерді алып көрсетеді,

<p>-- жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын киу арқылы дәңгелек және сопакша пішіндерді киып алу - ауызша сипаттау бойынша ұсынылған такырыпка, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шыгармашылықпен құрастыруға баулу</p> <p><b>Топтық жұмыс.</b></p>	<p><b>айт»</b> Танқурай, қарақат, құлпынай бір сөзбен қалай atalады? Жидектер. Алма, өрік, құurma бір сөзбен қалай atalады? Жемістер. Кияр, қызанак, сәбіз, пияз бір сөзбен қалай atalады? Көгөністер</p>	<p><b>«Белгілі дыбысқа сөз</b> <b>танда».</b></p> <p><b>Ойын шарты:</b> Ертегідегі кейіпкерлердің бас эрпіне сөз ойлап айтады.</p> <p><b>Мысалы:</b> «Әже» сөзіндегі «Ә» дыбысына; «Қызы» дегендегі «Қ» дыбысына; «Тауық» және «тышқан» деген сөздегі «Т» дыбысына сөз ойлайды.</p>	<p><b>Қазақстан</b> <b>Республикасының</b> <b>Мемлекеттік Тұын</b> <b>белгіле.</b> Суретті аяқтап, сал. Боя.. . Мақалдың мағынасын түсініп ал. Егемен елдің еңсесі биік. Педагог мақалдың мағынасын түсіндіреді. Біздің еліміз ешкімге тәуелді емес, өз Туы, Гимні, Елтаңбасы бар, дербес мемлекет. Сондықтан еңсесі биік</p>	<p><b>балалар атын атайды.</b></p>
---	---	---	---	------------------------------------

#### Үзіліс: Секіруге арналған ойындар «Кесіртке» ойыны.

		<p><b>Ойын: "Кесіртке"</b> <b>Мақсаты:</b> балаларды <u>ойынның шартын бүзбай ойнауга</u>, белгі бойынша қымыл-қозгалыс <u>жасауға дағдыландыру</u>, зейіндерін, <u>байқағыштықтарын</u>, жүгіру дағдыларын дамыту. <b>Шарты:</b> Бір ойыншылар созылған қол арақашықтығында шенбер құрады, олардың қолында доп. Басқа топ шенбер ішінде бағана болып тұрады. Бағыттаушы ойыншы- кесірткенің “басы”, соңғы ойыншы- кесірткенің “құйрығы”. Қолында добы бар ойыншылар бүкіл бағананы – кесірткенің құйрығынан бастап өлтіруі керек. Кесіртке құйрығын қорғау мақсатында өлтіргелі жатқан ойыншылар добынан қашуға болады. Ойын уақытпен беріледі. Кесірткенің аз уақытта өлтірген топ – женімпаз болып есептеледі</p>
		

#### 4 - үйымдастырылған іс-әрекет

Саят ашу негіздері	Музыка	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
--------------------	--------	--------	----------------	----------------

<p><b>«Үнді дауыссыз дыбыстар</b> <b>Міндеті:</b> Үнді дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету</p>	<p><b>«Күз – жомарт»</b> <b>Міндеті:</b> Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру</p>	<p><b>«Күзгі жаңбыр»</b> <b>Міндеті:</b> Мұзыканың сипатын түсініп, эмоцияларын көрсете білуге дағдыландыру</p>	<p><b>«Ерекше сабактар»</b> <b>Міндеті:</b> Багытты өзгертуіп, баяу қарқынмен жүгіруге үйретуді жалғастыру, қолдарын еркін, үйлесімді қозғап, ыргакпен, қарқынды баулаттапай жүгіре білу іскерліктерін дамыту</p>	<p><b>Акробат болғым келеді</b> <b>Міндеті:</b> - Өздерінің зейіндерін шоғырландыра алу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыруды, кимыл-қозғалыс йлесімділіктерін дамытуды және анализатор жүйелерін біріктіруді қалыптастыруды жалғастыру</p>
<p><b>«Кім көп сез айтады»</b> дидактикалық ойыны – Балалар, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сез айтударың керек. Кім көп сез ойлап айтады, соган фишка беріліп отырады. Ойын соңында женімпаз анықталады. Педагог балаларға көмек ретінде тактаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір суреттен іліп қояды. Мысалы, лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй. <b>«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сез қос»</b> дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге бірінші сезді айтамын, ал сендер сол сезге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сез жалғауларың керек. Мысалы: сүйкімді ... (мысық), жүйрік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ... (умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды),</p>	<p>Музика тыңдау: <b>«Саржайлау»</b> (Тәттімбет) Ән айту: <b>«Күзгі әуен»</b> (А. Досмағанбет) <b>«Балдыргандар</b> әні» (Г. Жотаева) Музикалық-ыргактық кимылдар: <b>«Женіл би»</b> (Т. Ломова) Билер: <b>«Шабандоздар</b> биі» (унтаспада <b>«Жұмыр</b> қылыш» («Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: <b>«Қандай ыргак»</b> (К. Куатбаев)</p>	<p>Музика тыңдау: <b>«Жау, жау, жаңбыр»</b> (К. Дүйсекеев) <b>«Күзгі әуен»</b> (А. Досмағанбет) Музикалық-ыргактық кимылдар: <b>«Көнілді балалар»</b> литва халық әуені Билер: <b>«Көнілді қолшатырлар»</b> биі (педагогтің таңдауы бойынша) Ойындар, хороводтар: <b>«Күн мен жаңбыр»</b> ойыны Сөйлеуді дамыту Такырыбы: <b>Мақсаты</b> , «Г» – «К» дыбыстарымен таныстыру</p>	<p>«Әртурлі білімдер сабагы» <b>Қымыл-қозғалыс</b> ойыны: «Мен білемін» Допты жоғары лақтырып, қолды шапалактап, допты қағып алу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Допты «Мен бес қаланың атын білемін» деген сөздермен қағып алады. Допты жоғары лақтыруға тырысады, допты қағып алар кезде саусақтарын еркін ұстайды. Жандарындағы балаларға кедергі келтірмейтіндей сөздерді акырын айтады.</p>	<p><b>Қымыл-қозғалыс</b> ойыны: «Қарлығаш» (5 рет). Зал ішіне ойыншылардың санына қарай құрсауларды – «ұяларды» орналастырады. Ойыншылар – «қарлығаштар». Олар зал ішінде қолдарын сермел жүгіріп жүреді. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге үшіп кел!» деген бүйрек бойынша «ұяларына келіп қонады».</p>

		акылды ... (мұғалім), үлкен ... (үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал)			
<b>Серуенге дайындық</b>	Киімдерді реттілікті сақтаап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтаап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтаап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтаап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтаап дұрыс киінуге үйрету.
<b>Серуен</b>	<b>Бақылау:</b> Жаңбырды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлғттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. <b>Еңбек:</b> Ағаш түптерін қопсыту. <b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындаудың қадагалау. <b>Жеке жұмыс:</b> Ал керемет бұл қандай?  <b>Төгіледі тәбеден.</b>  <b>Кек теңізден құйғандаидар.</b>  <b>Көл-кесір су не деген?</b>  <b>(Жаңбыр)</b>	<b>Бақылау:</b> Бұлтты бақылау. <b>Мақсаты:</b> Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін шарпы, будак, қабатты бүлиарды ажырату. <b>Еңбек :</b> Ауладағы гүлдерді суару. <b>Мақсаты:</b> Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табигат әсемдігін сезіне білуге тәрбелегу. <b>Жеке жұмыс:</b> Аспанга ұшар бу болыш Жерге қайтар су болып. (Бұлт) <b>Мақсаты:</b> Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадагалау. Ойлау қабілетін арттыру. <b>Ойын:</b> « Кімге қандай құрал керек? »	<b>Бақылау:</b> Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. <b>Еңбек :</b> Құстарға жем сауыт жасау. <b>Мақсаты:</b> Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. <b>Жеке жұмыс:</b> Сапсары боп келе жатқан,  <b>Сезді мекен күзді олар.</b>	<b>Бақылау:</b> Желді бақылау. <b>Мақсаты:</b> Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, үйытқыш сокқан жел. Желдің күштілігі аурайының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. <b>Еңбек :</b> « Әдемі гүлдер » <b>Мақсаты:</b> Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. <b>Жеке жұмыс:</b> Такпак. « Жел » <b>Мақсаты:</b> Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ыргағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. <b>Жел улейді у-у-у.</b> <b>Құйын келіп билейді зу-зу</b>	<b>Бақылау:</b> Кешедегі машиналарды бақылау. <b>Мақсаты:</b> Кешедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. Машина адам үшін, уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, кеше тәртібін құрыс сақтаап жүргүре үйрету. <b>Еңбек :</b> Ағаш түптерін қопсыту, су қудо. <b>Мақсаты:</b> Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуга үйрету. <b>Жеке жұмыс:</b> « Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу <b>Мақсаты:</b> Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық

<p><b>Р)</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Жұмбак жаттатастырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін артыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.</p> <p><b>Ойын:</b> «Айгөлек-ау айгөлек».</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды ептілікке, шапшандыққа баулу.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Сүр қоян».</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Ойыншылардың біреуі қоян болады. Барлық қалған балалар дәңгеленіп тұрады. Қоян дәңгелектің ортасынан орын алады. Балалар тәрбиеші мен бірге мынадай өлең айтады:</p> <p>Бармақ болыш тоғайға сұр көжек, Жұынып жатыр бүгжендең: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Кұлагына жуды-тұртінді, Құп-құрғақ боп сұртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың берін жасайды: тұмсығын, құйрығын, құлагын жуады, берін сұртеді. Қос</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшандыққа баулу.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « Соқыр теке » .</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Соқыртеке кең бөлмеде, аулада ойнауга болатын қызықты ойын. Шеңбер сыйылыш, оның ортасына көзі байланған « соқыртеке » жіберіледі. Қалғандары оны « соқыртеке бақ-бақ » , - деп мазақтап тұртіп қашады. Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуді тиіс. Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады. Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланыш « соқыртек » болады. Ойынщылардың көзі байлаулы адамды әдейі сезбен жетектең отырып, алда, шұңқырға, бағанаға қарай бағыттайды. Бұл ойындың көнілді, күлкілі етеді.</p> <p><b>Дербес ойындар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Эткіншектебу.</li> <li>2. Тартылғышқа тартылу.</li> </ol> <p><b>Тренинг:</b> « Біз тату баламыз » .</p>	<p><b>Карлығаштар ұшып кетті.</b> Ұшып кетті тырналар.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың сөздік қорларын молайтыш, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> « Күзде не киеміз? »</p> <p><b>Мақсаты:</b> Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкію үлгісін көрсете түсіндіру.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « Аттамақ » .</p> <p><b>Мақсаты:</b> Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Бұл ойында үш жілті керіп ұстап тұрады. Бірнеші-төмен, оны аттап өтү керек, екінші-биік, оны еңкейіп, үшіншісінен тағы да аттап өтү керек. Әуелі ойыншыны альш келіп, осы жіптерден</p>	<p><b>Жапырактар қол соқты дуду-ду.</b></p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « Айгөлек-ау, айгөлек » .</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшандыққа баулу.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « Орамал тастау » .</p> <p><b>Ойын барысы:</b> Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады. Ойын бастаушының қолындағы орамал шырышықталған, ұруга ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырганда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаушы оны орамалмен ұрғылайды. Ал, егер отырган адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса, бастаушыны қууга тиіс. Ойыншыдан қашып журген бастаушы босап</p>	<p>құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоыр молайту.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « Ақ қояым »</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көнілдерін көтеру.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> « Ұшты-ұшты »</p> <p><b>Ойын барысы:</b> « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты », - дейді. Осы кезде ұшпайтын нәрсеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрсeler жүртты жаңылту мақсатында әдейі арба-қарға, үйрек-бүйрек, кептер- кепсер, көже-шәже, іркіт- бүркіт болыш айтылады. Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмелде ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыштыруға болады.</p> <p><b>Дербес ойындар:</b></p> <p>« Тәтті тоқаштар »</p> <p>« Мені қуып жет » .</p> <p><b>Тренинг:</b> « Шаңырақ »</p>
---	--	---	---	--

	<p>аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұргандардың біреуіне жақындей береді(қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқандаойын аяқталады.</p>	<p>әткізіп , содан соң көзін байлаپ, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрган адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді.</p> <p>1.Сазбалышқтан « қала » кұрастырайық. 2. « Тәтті тоқаштар » пісірейік .</p> <p><b>Тренинг :</b>« Тырналар болып ұшайық » .</p>	<p>қалғанорынға келіп отырады.</p> <p><b>Дербес ойындар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. « Желмен жарысайық »</li> <li>2. « Менің әдемі үйім » (курастыру)</li> </ol> <p><b>Тренинг:</b> « Қолшатыр астында » .</p>		
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Аружанды сандарды тани білуге баулу.	Жандәрібекті тұра және кері санауға үйрету.	Айқарапәзбен ұян дауыссыз дыбыстарды қайталау.	Шұғыламен артикуляциялық жаттыгулар жасау.	
<b>Балаларды үйге қайтару</b>	<p><i><b>Ama –аналарга кеңес</b></i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз күрдастарымен мейрімді болса мектепке келген</p>	<p><i><b>Ama –аналарга кеңес</b></i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз күрдастарымен мейрімді болса мектепке келген</p>	<p><i><b>Ama –аналарга кеңес</b></i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, колын сұрту, шешіну, өз бетімен</p>	<p><i><b>Ama –аналарга кеңес</b></i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз күрдастарымен мейрімді болса мектепке келген</p>	<p><i><b>Ama –аналарга кеңес</b></i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды</p>

бolsa мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокка сұрану. Киімдері міндегі түрде өзіне ынғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шортты замоксыз, белдеушесіз.	күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.	сүйіп, аймалап, жиі оған еэ мейірімінізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.
--	---	--	---	---

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

**Бекітемін** *Azad*

**Білім беру ұйымы: Ақтасты ЖОБМ**

**Сыныбы: МАД**

**Сынып жетекшісі С.Т.Смагулова**

**Балалардың жасы 5 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі 16-20 қазан 2023-2024 оку жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	
<b>Балаларды қабылдау</b>	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтерінкі көңіл-күй орнатуға ойындар үйімдастыру. Жағымды жағдай орнату	Пж ойын: «Кім көп сөз айтады?» Шарты: Педагогтың артынан бірнеше сөзді қайталап айтады	Еркін ойын: «Бұл үйде кімдер тұрады?» Шарты: Күйршақтарымен үй жасап ойнайды	Күрілымдалған ойын: «Орнын тап» Шарты: Жемістер мен көкөністердің көлеңкесін табады	Еркін ойын: «Бауын байла» Шарты: Фетрдан жасалған аяқ киімдердің бауын байлап ойнайды.	Еркін ойын: «Ертегілер елінде» Шарты: Саусақ театр арқылы ойнайды
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру</b>	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың тазалығы жөнінде кенес беру	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алыш келулерін ескерту.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдан жақсы көретініңді сездіріңіз.	<b>Ата-аналармен әңгіме:</b> Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	<b>Ата –аналармен әңгіме:</b> «Дұрыс тамақтануға баулу»	
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қару және тағы</b>	Шығармашылық ойыны: Фотосуреттер қарастыру. «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Фотосуретте балалар	Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ. 1.Бірім, екім, Алма текім.	Суретті жұмбактар ойыны : Балалардың арасынан бір бастаушы тандалады, қалғандары отырады. Мұғалім үлкен қораптан кішкентай	Саусақ ойыны : «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі» Балалармен жәндіктер мен қосмекенділер туралы әңгімелесу.	Үстел үсті театр ойыны : «Қосмекенділер әлемі» такырыптар бойынша сюжетті суреттер қарастыру. Балалармен құстар туралы әңгімелесу.	

қару және тағы басқа әрекеттер)	Фотосуретте балалар қандай көмек көрсеткендерін айтып беру.	Алма текім. Сапар айым, Сар шымшық. Балтанды ал да, Жұтіріп шық. 2.Біз санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармагым алғашқы, Балан үйрек жалғасы.	қораптан кішкентай неше түрлі суреттері бар карточкаларды бір- бірден алып шығыш, суреттегі бейнені сөзбен сипаттап жасыруды ұсынады. Бастаушы суретті карточканы алып, балаларға көрсетпей, ондағы бейнені, затты сипаттап, суреттейді. Балалар түрлі жауаптар айтып, не бейнеленгенін тауып алу керек. Дұрыс жауапты айтқан бала ойынды жалғастырады.		туралы әнгімелесу.
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Психомоторлық жаттығу» Көздерінді ашындар, Кірпіктерінді кетеріндер. Беттерінді жеңіл кимылмен сипандар, Бір - біріңе жъмындар, Бастарынды онға, солға бұрылындар, Ауаны жұтындар, содан соң жіберіндер.	«Психомоторлық жаттығу» «Күлімдеген күн» Күн күлімдеп нұр текті, Жақсы сөздер нұр септі, Еске сактап кеңесті, Кел, қосылып айтайық бір-бірімізге..	«Психомоторлық жаттығу» «Табиғатпен үндестік» Шеңбер бойлап жүреміз, Әр гүлге көніл бөлеміз. Сұлулық пеп махаббатты Сезініп өмір сүреміз.	«Психомоторлық жаттығу» «Біз әдепті баламыз» Әдеп сактап әманда, Әрбір адад адамға. Жасасаң бір қамқорлық, Қайтарады саган да.	«Психомоторлық жаттығу» Көнілденіп куленіп, Бақытты бол жүремін. Бәрін біліп алатын, Мен ақылды баламын.
Білім беру үйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	Сейлеуді дамыту Отбасының күзгі еңбегі	Дене шынықтыру «Ақылдылар»	Саят ашу негіздері «Дыбыстар әлемі» Міндеті: дауысты,	Саят ашу негіздері Бұын Міндеті: сөзде қанша	Көркем әдебиет «Арыстан мен тышқан! Міндеті: таныс

	<p><b>Міндеті:</b> Такырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту .</p> <p>Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды:</p> <p>«Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтында жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр».</p> <p>-Жапырақтардың түстері қандай?</p> <p>-Бақшада кімдер жүр?</p> <p>-Бақшадағы балаларға ат қойындаршы?</p> <p>-Бақшада балалар не істеп жүр?</p> <p>-Әкесі мен анасы не жинап жүр?</p> <p>Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды.</p>	<p><b>Міндеті:</b> Эстафета элементтерін пайдаланып, қымыл-қозғалыс тәжірибелерін толықтыру, бұйрық бойынша тапсырмаларды орындау шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру, өзінің жеке қызыгуышылықт арын команда қызыгуышылықт арына бағындыру.</p> <p>«Кім зейінді?» ойын-жаттығуы.</p> <p>Педагогтің бұйрығы бойынша тізбек және сапқа тұрады.</p> <p>Сапқа тұруды қыздар мен үлдар бөлек орындаиды.</p> <p>Педагогтің сол жағына қыздар, он жағына үлдар</p>	<p>дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту</p> <p>Лашын көкте самғайды, Лашын көкті шарлайды. – Өлең не туралы және қай дыбыс қайталанып тұр? [Л] дауысты ма, дауыссыз ба? Қай дыбысқа жататынын анықта? Жасалу жолына мән бер. (ұнді дауыссыз дыбыс) Педагог құстарға байланысты тыйым сөздермен таныстырады. 1. Құстың ұясын бұзба, 2. Ағашты сындырма. 3. Құстардың жұмыртқасын сындырма. 4. Құсқа тас лактырма</p>	<p>дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру.</p> <p>«Сөз жарыс» дидактикалық ойыны – Балалар, «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырып айтамын сендер сол тақырыпқа байланыстыға сана сөздерді буынға бөлулерін қажет. Мысалы: ыдыстар, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айттып, буынға бөлгөн балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). Қаламдарды санау арқылы женімпаз анықталады.</p>	<p>сюжеттер бойынша қойылымды сақналуға дағдыландыру.</p> <p>1. Суреттерді қара. Арыстан тышқанға не айтты? Тышқан арыстанға қалай көмектесті? Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойынды айт. Досыңмен диалог құр. 2. Суретте қандай ақ жасырынып тұрганын тап. Педагог балалардың суретте қандай ақ жасырынып тұрганын табуына көмектеседі. Жеке жұмыс жүргізеді.</p>
--	---	--	---	---	--

		<p>сан түзеп тұрады. Педагогтің бүйрықтарын жылдам орындаپ, сапты бұзбауга тырысады. Сызық алдына екі тізбекке тұрады.</p>		
--	--	--	--	--

### Үзіліс : Жабық және ашық кеңістікті бағдарлауға арналған ойындар

### Ойын: «Тығылыспак»


**Саусақтарға арналған гимнастикалық жаттығулар:**

**Қысқыштармен ойналатын ойын**

**Ойын шарты:** Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, گүлдер пайда болады. Ол баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-оыйның, тілінің дамуына зор ықпал етеді.

**«Жаңғақтармен ойын »**

**Ойын шарты:** балалардың әрқайсысына жаңғақтар таратылады. Жаңғақты алақанның арасына салып, айналдыру. Бұл ойында балалардың қолдары жаттықтырып, сөйлеу тілі мен ойлау қабілеттері дамиды.



**Ойын: «Тығылыспак»**

